

Келісілді
«Павлодар қаласының білім
Беру бөлімі» ММ
Басшысының орынбасары
З. Қалиева

2020 ж.



Бекітемін
БЖЭТО МҚКК басшысы

С. Сейтқанов

2020 ж.



Туған өлке жас білігірлерінің «Өз жерінді танып біл» қалалық Турнирін өткізу туралы Ережесі

1. Жалпы ережелері

- 1.1 Осы Ереже Турнирді ұйымдастыру және өткізу шарттарын анықтайды.
- 1.2 Турнирдің ұйымдастырушылары: Павлодар қ. әкімдігінің «Павлодар қ. білім беру бөлімі» ММ; Павлодар қ. әкімдігі, Павлодар қ. білім беру бөлімінің «Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы» МҚКК.
- 1.3 Өткізу орны: «Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы» МҚКК, Павлодар қ., Потапов к., 7, тел.333-024.

Мақсаты: Шағын Отанының өткені, осы шағы мен болашағы, ата-бабаларының рөлі мен ұрпақтар тізбегіндегі өз орнын сезінетін және туған жер тағдырын өз тағдыры ретінде қабылдайтын отансүйгіш азаматты тәрбиелеуге бағытталған құндылықтарды қалыптастыру болып табылады.

2. Турнир қатысушылары

Турнирге құрамында 5 негізгі қатысушысы бар қалалық білім беру мекемелерінің құрамалары қатыса алады (3-4 сынып оқушылары). Турнир мемлекеттік және орыс тілдерінде өткізіледі. Білім беру мекемелері байқауға қатысуға екі құрамадан астам емес қатысушы құрамаларын ұсына алады (мемлекеттік оқыту тілінде – бір құрама, орысша оқыту тілінде – бір құрама).

3. Турнир бағдарламасы

Турнир Бағдарламасы қатысушылардың Павлодар облысы мен Павлодар қаласының тарихы, табиғаты мен табиғи байлықтарын (өсімдіктер және жануарлар әлемі, пайдалы қазбалар), өлкенің экономикасы, атакты тұлғалары мен ұлттық ойындарды және т.б. білуін талап етеді.

Байқау бағдарламасы: құраманы ұсыну (атауы, таңбасы, қатысушылардың өзін таныстыруы, уақыты 3-5 мин астам емес), викторина, ұлттық ойындары, «Қаланың көшелері әңгімелейді» тақырыбында үй тапсырмасы (уақыты 5-7 мин астам емес).

Бағалау өлшемдері:

- Материалды ұсыну өзгешелігі;
- Мәнерлілігі, әсерленушілігі;
- Тақырыпқа сәйкестігі;
- Сөз сөйлеу уақытын ұстану.

4. Өткізу уақыты мен орны

Турнир кесте және жеребе салу нәтижелеріне сәйкес 2020 жылдың 11-14 ақпан күндері өткізіледі (өткізу уақыты ұйымдастырушылық жиналыста белгіленеді).

Құрамалардың санына байланысты құрамалардың қатысу күндерінің кестесі құрастырылады.

Турнирге қатысу өтінімдерін беру мерзімі 2020 ж. 31 қаңтарға дейін келесі үлгі бойынша тапсырылуы тиіс:

«Өз жерінді танып біл» жас білігірлерінің қалалық Турниріне қатысу өтінімі

Р/с №	Қатысушының тегі, аты	Сыныбы	Құрама атауы	Мектебі	Жетекшінің Т.А.Ә.

МО

Құрама жетекшілеріне арналған жиналыс және жеребе салу 2020 ж. 31 қаңтар күні сағ. 15.00 өткізіледі.

Ұйымдастырушылық жиналысы және өтінімдерді қабылдау орны - «Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы» МҚКК, Павлодар қ., Потапов к., 7, тел.333-024, ekotyrg@yandex.kz.

5. Жеңімпаздарды анықтау және марапаттау тәртібі

Байқау бағдарламасының әрбір түрі әділ-қазы алқасымен бағаланады. Бағалар қосылып, орташа ұпай шығарылады. Жеңімпаз Турнирдің барлық байқауларында жинаған ұпайлардың санымен анықталады.

Жеңімпаздар (бірінші үш орындары) грамоталармен марапатталады.

6. Ұйымдастырушылық комитеті және әділ-қазы алқасы

Турнирді дайындау және өткізу мақсатында әділ-қазы алқасының құрамын қалыптастырып бекітетін және ұйымдастырылуы мен өткізілуін жүзеге асырып, оның қорытындыларын шығаратын Ұйымдастырушылық комитеті жұмыс атқарады.

Әділ-қазы алқасының құрамына Турнирдің ұйымдастырушылары, сонымен бірге арнайы шақырылған мамандар енуі мүмкін. Турнирдің ұйымдастырылуы және өткізілуімен байланысты сұрақтар бойынша хабарласуға болады: Павлодар қ., Потапов көшесі, 7, тел.333-024. Кеңес беру уақыты сағ.9.00. - 13.00. және 14.00.-18.00. (дүйсенбі-жұма).